

Т.Е. Тұмашбай^{1*} , М.Ж. Спанов² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

*e-mail: tumashbai@mail.ru

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ҰРПАҚ ЖӘНЕ УАҚЫТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ӘДЕТТЕГІ САНА

Мақалада ұрпақ ұғымы адам өмірлік іс-әрекеттілігінің атрибуты ретінде қарастырылды. Мақаланы дайындау барысында философия ғылымының негізін салушылардың бірі Сократтың, Аристотельдің, неміс философиясының өкілдері И. Канттың және А. Шопенгауэрдің ұрпақ туралы, оның уақыттағы орыны мен қызметі туралы ойлары зерттелді. Атап айтқанда, Аристотель адам тегін толассыз қозғалыстағы мәнді тіршілік иесі ретінде қарастырады. Бұл қозғалыстың өлшемі адамның өз уақытын анықтауы құрайды. Оны Аристотель әрі биологиялық, әрі қоғамдық бағыттарда зерттейді. Бұл адамның тегін, ұрпағын уақыттың өткені мен қазіргілігінде зерттеу бағыты И. Канттың, А. Шопенгауэрдің еңбектерінде кездеседі. Қозғалыстың мақсаты белгілі бір кеңістікте адамды құндылықтық, саяси, азаматтық тәрбиелеу арқылы қоғамдық өзгеруге қол жеткізу. Қазіргі заманғы адамның өзінің ішкі уақытын түйсініп, оны қоғамдық қызметпен байланыстыруда сыртқы объективті жағдайдың, үрдістің, жағдайдың қысымы басым болып отыр. Бұл қысым жастардың қоғамда өзін-өзі ұғынуда мақсаттарының өзгеруінің себебіне айналды. Нәтижесінде мұндай әлеуметтік күтілімдерден мемлекет зардап шегуі мүмкін. Осындай үрдістердің салдарынан ұрпақтың өзінің болашағын бағалауы әлсіз және қазіргі ұрпақтың уақыттағы бағалануы өз мәнін жоғалтып алуда. И. Кант ұрпақтың мәнін мақсатты көпшілік және өзінің болашағына көрегендік, данышпандық деп анықтайды. А. Шопенгауэр де ұрпақ қоғамның тарихи санасын қазіргі және болашаққа трансформациялайтын буын екенін қарастырады.

Түйін сөздер: адам тегі, қозғалыс, биологиялық сипаттар, тарихи қажеттіліктер, ұрпақ және оның әлеуметтік құндылықтық функциясы.

T. Tumashbay^{1*}, M. Spanov²

¹Eurasian nationality university named L. Gumilev, Kazakhstan, Nur-Sultan

²South Kazakhstan university named M. Auezov, Kazakhstan, Shymkent

* e-mail: tumashbai@mail.ru

The problem of generation and time in philosophy and daily consciousness

In this article, the category of generation was considered as an attribute of a person's social life. In the course of work the ideas of Aristotle, one of the founders of philosophical science, representatives of German philosophy I.Kant and A.Schopenhauer, about the generation and their role and period in time, were studied. In particular, Aristotle views a man as a freedom-loving creature living in continuous motion. The magnitude of this movement is to determine its time by a person in which Aristotle explores activity in two directions: one biological, the other social. The direction of studying the surname, generation of a person in the past and present can be found in the works of I.Kant, A.Schopenhauer. The goal is to achieve a new stage of social change through the upbringing of a person, including the achievement of social and legal significance especially the level of a state. In the current generation of Kazakhstan, external objective situations, trends, and situations where they are aware of their internal time and associate it with social activity predominate. This ability makes young people go astray in understanding the essence and significance of the country. Therefore, it is difficult for the younger generation to assess their future. Because I.Kant defines the nature of posterity as his foresight. A.Schopenhauer is an individual, it is a subject that creates movement in one direction which, through self-identification, through the study of himself, cognizes others.K.Jaspers studies that an individual who listens to others and considers other people to be significant, valuable in society, creates a certain environment associated with his nation, population and spiritual traditions.

Key words: human generation, movement, biological and historical property generation his its social and value function.

Т.Е. Тұмашбай^{1*}, М.Ж. Спанов²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

*e-mail: tumashbai@mail.ru

Проблема поколения и времени в философии и повседневное сознание

В этой статье понятие «поколение» рассматривается как атрибут жизнедеятельности человека. В ходе исследования были изучены идеи Аристотеля, одного из основоположников философской науки, и представителей немецкой философии И. Канта, А. Шопенгауэра. Исследованы основные направления формирования поколенческих групп и их место во времени и пространстве. В частности, Аристотель рассматривает человеческий род как субъект непрерывного движения во времени. Величина этого движения составляет определение человека своего времени. Эту функцию Аристотель исследует в двух направлениях – биологическом и социально-политическом. Эта концепция присуща и философской мысли И. Канта, А. Шопенгауэра, а также К. Ясперса. Целью движения является достижение общественных преобразований через ценностное, политическое, гражданское воспитание человека в определенном пространстве. В связи с тем, что современный человек осознает свое внутреннее время и связывает его с общественной деятельностью, преобладает давление внешних объективных ситуаций, процессов. Это давление является причиной изменения целей молодежи в оценивании своего предназначения в обществе. Результат налицо, от таких социальных ожиданий пострадает только государство. Из-за таких процессов молодому поколению трудно оценить своё будущее. И. Кант определяет сущность поколения как целеполагающей массы, которая предопределяет свое будущее. А. Шопенгауэр рассматривает понятие «поколение» как связующее звено, которое трансформирует историческое сознание и память общества в современность и будущее.

Ключевые слова: человеческий род, движение, биологические свойства, исторические потребности, поколение и его социальная и ценностная функция.

Кіріспе

Ұрпақ адамның әлеуметтік өмірінің бір қыры ретінде уақыт, толассыздық, қозғалыс, қатынас және шынайылық, іс-әрекеттілік категориялары арқылы өткенді бағалау, ой елегінен өткізу қызметін атқарады. Сондықтан философия «адам-ұрпақ» қатынасын көпбейнелікте зерттейді. Ол әдеттегі санада көрініс беріп, ұрпақты қоғамдық қатынас субъектісі, болмыстың өзгеру объектісі деңгейінде зерттейді. Философияның міндеті неміс классикалық философиясы анықтаған ұрпақтың санасын көпбейнелі әлемді игеру арқылы құбылыстарды бір санаға біріктіру құрайды. Адам өзінің өмірін қалыптастыруда, өзділігі бар болмыс мәніне ие субъект ретінде ұрпақтық, тектік құрылымдарды түзе отырып, әлеуметтік қызметіне ие болады. Ұрпақтың әлеуметтігі оның дүниетанымдық, аксиологиялық, тарихи сана тәжірибесі арқылы қалыптасып, оның болмысының қуаты қоғамдарды өзгерту, ізгі әлемді құру күшіне ие. Ұрпақтың уақыты тек жаңа ақпараттық технологиялармен және Y, Z, A ұрпақтардың санасымен анықталмайды. Адам тарихи болмысы бар тірі жан. Дегенмен адамның құбылыстар иіріміне тартылуына қарай, оның ұрпағының жады қысқа болып та келеді. Қоғамда дүниетаныммен тарихи тәжірибесі, мәдениеті ұқсас халықтар ұрпақаралық қатынасқа түскенде, бір ұрпақтың

өмірлік тәжірибесінен кейін ассимиляциялануға бейім тұрады.

Тақырыпты таңдаудың негізделуі

Мақаланың тақырыбы бD020100-Философия білім беру бағдарламасы бойынша «Ұрпақ уақыты: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбынан Phd докторлық диссертацияны жазу және орындау үшін бекітілген жоспар бойынша таңдап алынды. Мақала тақырыбының өзектілігін Қазақстан Республикасының жаңа саяси тарихындағы өзгерістердің динамикасы, оның қоғамдық санаға ықпалы айқындады. Қазіргі қазақстандық қоғам жаңа ұрпақты қалыптастыру үшін өзінің құндылықтарын қайта жасақтау үстінде және ұрпақтық мінез-құлықта әуелден, қай заманда да ескі мен жаңа құндылықтар күресі орын алады.

Мақсаттары мен міндеттері

Мақаланың мақсаттарын ұрпақ және уақыт ұғымдарының Сократтың, Платонның Аристотельдің, И. Канттың, А. Шопенгауэрдың түпнұсқалық шығармаларындағы зерттеу бағыттарын анықтау, ұрпақтық сананың қозғалыс, уақыт, экзистенциалдық категориялары арқылы мәнін зерделеу және зерттеу құрайды. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы жағ-

дайындағы ұрпақтардың мінез-құлығындағы өзгерістерді болмыс, оның ішінде тарихи сана арқылы анықтау. Мақала міндеттерін философиялық шығармалар арқылы анықталған ұғымдарды қазіргі философиялық көзқарастар арқылы салыстырмалы зерттеу және ұрпақтық құндылықтардың өзгерістерін анықтау құрайды.

Әдістеме және дерек көздерді таңдау

Мақалада философиядағы ұрпақ ұғымының уақыттағы өзгерісінің адам болмысын қалыптастырушы құндылықтар арқылы қоғамдық ортадағы іс-әрекеттелігі философиялық теориялар негізінде қарастырылды. Зерттеу тақырыбының методологиясын Сократтың, Платонның, Аристотельдің, И. Канттың, А. Шопенгауэрдің ұрпақтың қалыптасуы мен қызмет атқаруы туралы теориялары құрайды. К. Ясперс, Б. Расселл, В. Асмус ғылыми көзқарастары берілді. Бұл тақырыптың қазақстандық философия ғылымында зерттелу деңгейіне келетін болсақ, онда ұрпақтар арасындағы сабақтастық А.Х. Қасымжановтың, Ж.М. Әбділдиннің, Ғарифолла Есімнің шығармаларында, тарихи сана мен уақыт, ұрпақ мәселесі Б. Сатершиновтың докторлық диссертациясында зерттелген. Ғылыми зерттеудің методологиялық принципінң компаративистік әдісі, ішінара мультитипандік, әдеттегі сананың көріністерімен салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеулік жұмыстың өзегін теориялық әдіснама құрайды. Зерттеу объектісін ұрпақтардың қоғамдық қатынастар объектісі ретіндегі мәнділігі, оның уақыттағы қозғалысы құрайды. Сабақтастық тақырыбы бойынша О. Қабыл 2019 жылы 6D020100-Философия мамандығынан «Сабақтастық – философиялық ұғым» (құндылықтар трансформациясы) тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Д.Р. Сапарова 2020 жылы «Культурное пространство цифрового поколения» тақырыбында 6D020400-Мәдениеттану мамандығынан докторлық диссертация қорғаған. Ұрпақтың әлеуметтік уақытын шетелдік зерттеуші Р. Нугин өзінің мақаласында М. Корстеннің, Эдмунд пен Турнердің және К. Мангеймнің көзқарастарын келтіреді. Мысалы, М. Корстеннің ойынша «ұрпақтар үшін уақытта өзара «толықтырылған өзгені» ұйымдастыру, белгілі бір семантикалық тәртіпті түзу арқылы ортақ дискурстық тәжірибелерді қалыптастыру маңызды болып табылады», ал Эдмунд «ұрпақтардың міндетті түрде біртекті болмауы тиіс, бірақ ұрпақтардың

бірнеше санының болуы, оның әрбірі өзінің күн тәртібіне ие болуы қажет» (Нугин, 2010: 356).

Нәтижелері және талқылау

Антикалық философия Диогеннің шектеулі кеңістікте уақытты бағамдауы секілді сыни ойлаудың жауһары болды. Сократтың адам болмысы мен оның өз өзіңді таны, өз өзіне қамқорлықта болу туралы ойлары Платонның «Алкивиад I» философиялық шығармасында кеңінен қарастырылған. Бұл шығарманың негізгі мазмұны бойынша адам өз жан дүниесіне өз өзіне қамқорлық таныту арқылы ие бар болушы. Яки, Сократ аталған диалогтың 129 с, 130 b, 130 e бөліктерінде: «Адам – бұл өзінің денесін қолданушы нәрсе. Адам өзінде жан дүниесі, тән және осы екеуінің бүтіндігі секілді үш заттан біріккен нәрсе. Адамды осы бүтіндікті құраушы екеуінің бірі басқарады, бірақ екеуі қатар басқара алмайды. Ал, егер тәнде емес, тән мен жаннан құралған бүтіндікте адам болып есептелмесе, онда адамды ештеңе деп, әлде адамды адам бұл жан деген түйіндеу арқылы анықтаймыз», – деген көзқарасын білдіреді (Платон, 1986: 213). Сократтың адамы әділеттілік, әдемілік, ізгі адам және игілік құндылықтары негізінде анықталатын және пайдалы тіршілік иесі. Диалогта Платонның «Мемлекетінде» көзделген бала тәрбиесіне қатысты көзқарастарына қарсы ой көрініс береді. Ол ой оның әйелдердің қала үшін ролін анықтауда, диалогтың 127 b бөлігінде Алкивиадтың «мемлекеттегі достықты сүю әрбір адамның өз ісімен айналысқанында ғана туындайды», – деген мазмұндағы жауаптасуында, Сократтың «Соғыстың ауыр қару жарақтарына иелік жасау өнерімен салыстырғанда әйелдеріміз ерлермен жан дүниесінің бірлігінде бола ала ма? Себебі, әйел адам бұл жағдайға оқытылды ма?», – деген жауабынан табамыз (Платон, 1986: 208). Сондай-ақ Сократ, бұл шығармада ұрпақ, яки адам уақытын еркіндік – ізгілік, құлдық – бейімділік, жан дүниесінің айнасына үңілу, даналық шарттары арқылы анықтайды. Сократтың ойы, біз адамдар өз өзімізді танимыз деп, үнемі өзгені тануға тырысамыз. Шындығында өзіміздің жан дүниемізді тану арқылы кемелдікке қол жеткізуіміз қажет. Сократта ұрпақтың уақыты өзін өзі тану үшін, шынайы білімдерді маевтикалық ізденіс арқылы дүниенің, өмірдің, мемлекеттің ақиқаттылығын жеке адамның ой көкжиегін кеңейту арқылы тану болса, онда Платонда уақыт бұл мәңгілік тұрақты

иедалдылық болып саналады. Платонның идеалды адамы, сол дәуірге тән қоғам үшін жалпыға ортақтыққа ие. «Антикалық полисте азаматтарды тәрбиелеу, ересек адамдарды қалыптастыру үрдісіне гректер «пайдея деген түсінік берген. Пайдея – тәрбиелеу, үйрету деген мағыналарды білдірді, кең мағынасында: білім, білімділік, ағартушылық деген мәдениеттерді қамтиды» (Масалимова, Құлсариева, 2011:14).

Аристотель адаммен оның тегін нақты орында, толассыздық сипатты қозғалыста бар категория деп қарастырады. Сонымен бірге уақытты қозғалыстың сандық өлшемі деп зерттеген ойларынан біз адамның бір атрибуты ұрпағының өмірімен байланыстылығын табамыз. Аристотель адамы телелогиялық мәнді, энтелехиялық мәнділікке ие тірі жан, тек ол өзінің мақсаттылығын қоғамдық-саяси өмірде анықтайды. Аристотель өзінің «Метафизика» шығармасының төртінші кітабының жиырма сегізінші бөлімінде адамның тегі туралы ойын келтіреді, ол «Тек, ұрпақ туралы тірі жанның дүниеге келуімен айтылады, олардың формасы, дәл бір сондай толассыздық, мысалы: «қазірше адамдар тегінің өмір сүруі» «қазірше адамдардың туылуы толассыздықты» білдіреді. Тек деп бірінші қозғалтушыдан болмысты алушыны айтады; сондықтан бірі тегі бойынша Эллиндік, басқалары Иондықтар деп аталады. Адамдарды тек ретінде тудырушыдан шығуды айтады, әйтсе де анадан да туады» (Аристотель, 1975:176). Аристотельдің «болмысты алушы» ұғымы, бұл тектің биологиялық сипаты болғанымен, ол ұрпақ ұғымын білдіреді. Аристотель ұғымындағы ізгі ұрпақ идеясы қазақ халқының текті ел дүниетанымына сәйкес келеді. Философтар арасында ұлттың, яки ұрпақтың болмысының, тәрбиесінің қалыптасуында әкенің әлде ананың рөлі туралы әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы, А. Шопенгауэр әйел адамды интеллектіні беруші субъект ретінде зерттейді. Бұл қазақы, ер адам түздің адамы, әйел ошақ иесі деген пайымға сәйкес келеді. Әйел ана бейнесінде отбасылық өмірде бала тәрбиесіне белсенді қатысушы субъект. Атап айтқанда, А. Шопенгауэр: «Әке *sexsus rotior* ретінде жаңа өмірге өзектік беріп, яғни ерік-жігер беріп оның негізін анықтайды, ал ана *sexsus sequior* сипатында және қағиданы қабылдаушы ретінде интеллектінің берілуіне себепкер болады», – дейді (Шопенгауэр, 1999: 459).

Антикалық философияда уақыт циклдік, шар іспетті болып қарастырылған. Бұл уақыт қатынас категориясындағы тұйықтылық адамның

өмірінің ұрпақ, қоғам бағытындағы қозғалысында өзінің қайнарларына қайта айналып, соғып отыруын сипаттайды. Мысалы, бір алтын дәуірді екінші алтын дәуірдің алмастыруы. Бұл туралы Б. Рассел өз еңбегінде «Уақыт біздің ойларымыздың аспектісі деген теория субъективизмнің ең шеткі формаларының бірі, ол антикалық кезеңмен Протогор, Сократтан басталып, даму үстінде. Бұл субъективизмнің күнә сезімінің құлай берілуі эмоционалды аспекті болып саналады, интеллектуалды аспектісі кештеу қалыптасқан», – дейді (Рассел, 2004: 691). Уақыттың алтын дәуірінің қайтымсыздығын К. Ясперс «Адам өз дүниесін тұрақты, мәңгі деп түйсінетін уақыт өтті, ол жоғалған алтын ғасыр мен Құдаймен анықталған ақырғы заман арасында тіршілік жасайды. Адам бұл дүниеде өз өмірін өзгертуге тырыспастан тіршілік жасады», – деп қарастырып, адам өзін өзі сезіну арқылы өмір сүруінің тарихи нақтылы жағдайында өз тамырынан үзілуін біліп, ендігіде болмысын ұстап тұра алмайды деп қарастырады (Ясперс, 1994: 288). Дегенмен қазіргі ұлттардың дүниетанымында әлемнің технологиялық дамуы соншалықты қарыштап дамығанымен өзінің алдыңғы, өткен тарихындағы жетістіктеріне тамсану, тамашалау кейде сол дәуірден тірегін, нәрін іздеу тоқтамауда. Кейде ол үрдіс санада қайта айналып, адам болмысының негізіне айналу үшін, қайта жаңаруда. Бұл жағдайды А. Шопенгауэр адамның жануарлар секілді тек бір ұрпақтың жадымен шектеліп қалуынан туындайтын тарихи санадағы ақтаңдақтармен байланыстырады. Өйткені қоғамда кез келген үрдіс уақытта қозғалуында, ол өзгерудің мәні болумен қатар, кейінге ұмтылған регрессивті жағдайлармен де байланысы бар. К. Ясперс алтын дәуірге тамсану мен аңсауды трансцендеттік жағдайында, арғы дүниенің жұмағына қызығушылықта қарастыру қажет деген ойда болады. Өйткені халықтың тарихи санасын ізбасарлықпен тасымалдаушы, ол оның ұрпағы, сол ұрпағының әуелі сандық, кейінгі сапалық өзгерістері. Бұл туралы испан философы Х. Ортега Гассет мынадай ойын білдіреді. «Бұл адамдарға олардың өмірінің пульсі әлсіз, қан тамырларын толтыратындай жеткілікті көрінеді. Сондықтан олар көнені, даңқты өткенді, құрмет тұтты және олардың өмірі толыққанды, буырқанған кереметтей көрінеді. Өзінен кейінге қарап бақытты уақыттарды елестетеді, оған олардың биігінен қарауды емес, керісінше төменнен жоғарыға қарауды білдіреді» (Х. Ортега Гассет, 1997: 55).

Қазақ философияларының ұстазы А.Х. Қасымжанов уақыттағы интеллектуалдылық туралы философиялық ойдың қайта оралатын қазығы болатынын, оны тек сыртқы құбылыс деп түсінбеу қажеттігін айтады. «Философиялық ой-пікірдің өрбуі де өзгеше бір «шеңбер», яғни бұрынғы шекке, жүріп өткен сатыға көтерілу түрінде қайталау болып табылады», – деген көзқарасын білдіреді (Қасымжанов, 2006: 71). А. Августиннің философиялық ойларынан басталған түзу тізбекті уақыт идеясы адам өмірінің бір бағытта жылжып отырғанын білдіреді. «Құдайда алдыңғы, кейінгі жоқ, ол бүгінгі мәңгі. Өйткені болашақ шынайы өмір сүрмейді, шын-айы бар, ол бүгінгі, қазіргі. Қазіргі уақыт қас қағым сәт, біз тек өткен уақыттарды ғана өлшей аламыз. Дегенмен өткен мен болашақ шынында өмір сүреді. А. Августин үш уақыт бар дейді, олар: өткен заттардың бүгіні, қазіргі заттардың бүгіні, болашақ заттардың бүгіні» (Рассел, 2004: 691). Осы үш уақыттың қатар өмір сүруі және категория ретінде бар болуы түзу линиялық уақытты білдіреді. Араб философы әл-Кинди «Бес мән туралы кітап» шығармасында қозғалыстың алты түрін бөліп көрсетіп, онда бір орыннан екінші орынға жылжудың екі тәсілін келтіреді, олар: «Айналмалы және тура қозғалыс. Уақыт дегеніміз қозғалыстың өзі емес екендігі теріс пікір. Түсінікті жай қозғалыстың жылдамдығы және баяулығы тек уақытқа байланысты танылмақ. Уақыт – өткенді болашақпен жалғастырып тұратын қазір», – деген пікірін келтіреді (Есім, 2020: 34).

Аристотель мен әл-Киндидің ойларынан байқайтынымыз, ол адам тіршілігінде кешегі мен бүгінгіні жалғайтын мән болып табылады. Адам ұрпағымен бірге, бірақ оны өзі жеке индивид ретінде мойындамауы мүмкін. Бұл адамның ұрпақты түзуде жиынтықтық құрауы жанама өтеді дегенді білдіреді, бірақ абстракциялық ұғым емес. Ол ұрпағында бар болмыстың иесі, ал ұлттық, мәдени, адамзаттық ерекшелігінде сан қырлы болмысты түзуші субъект. Сондықтанда ұрпақтың құндылықтары түрлі сипатты болады. Қоғамдық өмірде алдыңғы аға буынның идеялық трендтері дәуірдің рухына қарай өзектілігін жоғалтқанымен, оның түпқазығындағы мәңгілік құндылығы сақталып қала береді. Қазақстандық философ А. Хамидовтың зерттеуінше «Дүниетаным қоғамдық бүтіндікке ұымдасқан тұтас ұрпақтарда және индивидтерде байқалмастан, стихиялы түрде қалыптасып,

қызмет атқарады. Алайда ол тұтас ұрпақтармен және индивидтерде саналы, мақсатты бағытты қызмет атқарғанымен, дәл сол уақытта олардың белсенділігінің мақсаттылығынан, еркіннен тыс қалыптасады» (Хамидов, 2019:4) және көпшілігіне «Журден синдромы» тән, жалпы дүниетанымда бұрыннан сондайлық бағыттардың барлығын білместен, дүниетанымдық бағыттарды басшылыққа алады» (Хамидов, 2019: 5).

Аристотельдің осы қозғалыс пен уақытқа қатысты ойын ағылшын ғалымы Энтони Кенни өзінің «Батыс философиясының тарихы» еңбегінің бірінші томында мынадай ойларымен және Аристотельдің «Физика» шығармасынан үзінділер келтіру арқылы жалғайды. Атап айтқанда: «Аристотель үшін кеңею, қозғалыс және уақыт бірі бірімен етене жақын және реттілікпен байланысты іргелі континуум саналады. Уақыт, өз орайында, қозғалыстың толассыздығынан туындайды (Энтони, 2018: 243). Аристотельдің бойынша адам өз тегінің сандық күйін, өзгерісін мүмкіндікте анықтайды және адам мәнділікті тіршілік иесі, оның қозғалысы уақытта, болашаққа іргелі континуум сипатында реттілікпен жылжиды. Мысалы, біздің ұлттық дүниетанымызда ата, әке мен бала арасындағы ұрпақтық сабақтастықтағы қозғалысты сандық түрінде жеті текпен өлшеу әдісі, осы реттіліктегі континуумды білдіреді. Бұл реттіліктің жолын Аристотель адамның игілікті өмір сүру арқылы бақытқа, рақатқа қол жеткізуде ерікті, оның мақсаттылығын тәрбиелеу қажеттігін айтады. Аристотель: «Бақытқа талпыну – кез келген іс-әрекеттің қозғаушысы. Шын мәнінде адам нақ осы қозғалыста дамиды. Бақытқа талпыну – адамның өмірлік мақсаты» (Ресс, 2018: 46). Аристотельде уақыт заттық қасиетке ие ұғым. Өйткені, уақыт, заман, мекен бұл осы дүниенің қасиеттерін білдіретін, бір объектінің бар болуы үшін қажетті нәрсе, яғни мекен, орын ретінде белгілі бір кеңістіктің шекаралығын білдіреді. Ал, уақыт, заман шексіздіктің сипаты және ол потенциалды болмысты өзектілікті болмысқа айналдыратын заттық дүниенің белгісі. Уақыттағы болмыс ағыс ретінде өз өздігінен объективті бар және ол уақыт арқылы өлшенгенімен, уақыттың бір бөлшегі ретінде бар болуымен, қазіргілікте уақытша болуымен сипатталады. Аристотельдің уақытты қазіргіліктің модусы ретінде анықтауы адамның іс-әрекеттілігінде, оның тарихи болмысында жады арқылы функционалды бар болушы модуске ие

болып табылады. Бұл болмыс ұрпақтан ұрпаққа құндылықтарды толассыздық категориясының субъектісі ретінде тасымалдайды. Бұл құндылықтарды, мәдениеттерді тасымалдау функциясы уақыттағы сапалылық қасиеттің өлшемі. Өйткені, ежелгі грек мифологиясы бойынша да уақыттың шынайылықтағы сапалы қасиетін бейнелеуді «Кайрос» құдайы ретінде белгілеген. Бұл адам өмірінде жәй ғана сырғып өткен сандық қозғалысты уақытты пайымдауға қарағанда адамның субъект ретінде өз өмірін ұйымдастыруға, басқаруға деген ұмтылысын білдіреді. Көптеген философтардың зерттеуінше, грек қоғамындағы еркіндікке ұмтылыс пен көптеген халықтардың біте қайнасып өмір сүруі, бір-бірімен мәдени, сауда жасау, соғыс қатынастарына түсуі, олардың үздіксіз, сүрең қозғалыстағы көпбейнелікті мақсатына айналдыруына негіз болған.

Сондықтанда адамзат тарихында қай дәуірді алмаңыз, адамның басты қажеттілігі де, толғанысы да осы ұрпағының қамы. Ол күйзеліс қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты түрлі құрылымдық сипатқа ие болады. Бұл үрдіске философтардың ойы мен көзқарасы әртүрлі болғанымен, мақсаттары бір мәнділікті, бір мазмұнды түзіп отыр. Мысалы, неміс философиялық ойының өкілдері И. Кант, А. Шопенгауэр, К. Ясперсөзінің шығармаларында адам тегінің белгілі бір табиғи қозғалысы тек бір түзу мақсатты құраушы ретінде зерттейді. Ал егерде адам тегі ұрпақ ретінде байқалатын болса, онда оған жоғары ақылға ие түр ретінде, оның өзінің қызметіне толыққанды қол жеткізуі болып табылады. И. Кант бұл философиялық ойларын өзінің «Прагматикалық көзқарас тұрғысындағы антропология» шығармасында сипаттайды. И. Кант бойынша адам тәрбиеленуші, білім алушы, мәдениеттерді өзінің түпкі мақсаты үшін игеруші, өзінің ішкі танымынан дүниені танушы субъект. Адам бұл мақсатты қызметін жүзеге асыруда болашақты көздейді және ол жол қаншалықты қайшылықты болсын өз бағытын өзгертпейді. Бұл жайлы кеңестік кезең философы В. Асмус И. Канттың шағармасын талдауда: «Канттың көзқарасынша өмір сүрудің зерделі мақсатына қол жеткізу үшін еңсерілмес кедергідей көрінетін қайшылықтар тұтас адам тегінің жетілуі мен өзгеруіндегі мүмкіндіктің шарты болып табылады. Канттың оқытуынша мақсат сол бір тұлғаның немесе ұрпақтың өмірінде емес, бірақ ұрпақтың ұзақ тізбегінде тектің прогрессивті дамуында ғана жүзеге асады»,

– деген пікірін келтіреді (Асмус, 2005: 100). И. Кант адам ақылының жасампаздығын, табиғаттан еркіндігін шектемейді. Қазақ философы Ж.М. Әбділдиннің зерттеуі бойынша: Кант, Фихте, Шеллинг, Гегельдің философиялық концепцияларында алғаш рет табиғат заңдарымен салыстырғанда адам санасының қоғамдық әрекеттегі белсенді, шығармашылық сипаты, заңдардың спецификасы мәселелері қарастырылды. Канттың ойынша адамды табиғаттан, оның табиғи тіршілігінен, оның ақылы, еркіндігі ерекшелейді (Абдильдин, Абдильдина, 2014: 76). Жабайхан Мүбәрәкұлы бұл монографиясында И. Канттың еркіндікті адам қасиетінің ажырамас бөлігі ретінде көрсетіп, оның тектік мәнінің негізін құраушы категория ретінде зерттейді. Сонымен бірге еркіндік категориясы адамның имандылығын, өзіндік іс-әрекеттілігін қалыптастырады деген пікірді ұсынады. Өйтсе де И. Канттың көзқарасынша адам өзінің толыққан уақытына 25 жасында қол жеткізіп, ежелден келе жатқан үрдіс бойынша адам тегінің мінез-құлығын былайша анықтайды. Атап айтқанда «Адамдар тұтас адам тегі, ұрпағы ретінде ұжымдық сипатқа ие және олар әртүрлі уақытта немесе сол бір уақытта өмір сүруші, бір-бірімен бейбіт қарым-қатынасты түзу арқылы адамдардың көпшіліктік белгісін білдіреді. Бірақ адам бір-біріне үнемі қарсы тұрудан бас тарта алмайды», – дейді (Кант, 1999:103).

Бұл үрдісте И. Кант адамның табиғатына бірігіп, қауымдық өмір сүрудің тән екенін және сондай-ақ оның іс-әрекеттілігінде бір-бірінен алшақтау, шиеленісу қаупінің барлығын, олардың барлығын ортақ заңға мәжбүрлеу арқылы біріктіруді ұсынады. И. Канттың адам тегінің ұрпақ ретінде қалыптасуы мен орнығуын, оның табиғатына тән қайшылықты мінез-құлықтарды сипаттау арқылы біртұтас қауымға біріктіруді ұсынады. Адамның бір атрибуты ретіндегі ұрпақтың мақсаттарын синтездеу, оны біріктіруші категория ретінде бүкіл әлемдік-азаматтық қоғамды құруды ұсынады. Бұл ұрпақтың уақытын анықтаушы өлшем. Дегенмен И. Кант бұл өз өздігінен орын алмайтын идея, конститутивті емес, тек реттеушілік қағида деп атап көрсетеді. Өйткені адам өзінің ішкі қайшылығында мейірімділік пен зұлымдық секілді қасиеттермен күресуде тұйықталуы мүмкін, ал оны реттейтін, ол сыртқы мәжбүрлілік. Бұл туралы В. Асмус: «Кант ұрпақ осы құқықтық ортақ үйді және азаматтық жағдайға қол жеткізуді көздейді», – деп сипаттайды (Асмус, 2005:

103). Бұл құқықтық ортақ үйді құрудың, ортақ этикалық моралдық жүйені түзудің телеологиялық негіздерін жаратып, зерттеген. Бұл қатынасты реттеудің бірден бір құралы ол заң үстемдігі орныққан қоғамды құру, түсінікті этикалық ортаны қалыптастыру болып табылады. Өйткені жоғарыда көрсеткеніміздей И. Кант бойынша адам тумасынан жақсылықты тасымалдаушы субъект, бірақ оның бұл шынайылығын, оның зейініндегі зұлымдыққа бейімділік шабуылдаумен болады. И. Кант: «Адамға практикалық ақыл берілген және ол өз рақымсыздығынан еркіндік санасына (тұлға) ие тіршілік санасы. Адам өзіндік сана сезімінде, тіпті тиістілік заңына бағынғанның өзінде, ең қараңғы, қорқынышты түсініктерін көре алады және мұндай сезімді, яғни өзіне әділетті немесе әділетсіз қатынасты, өзінің өзгелерге де сондай әрекетін басынан өткізіп, сезе алады» (Кант, 1999: 103). Тиісінше И. Кант діни ритуалдардың, моральдық құндылықтардың адам ақылының шекарасында болуын талап етіп, қоғамға жат құндылықтарды сол ортадан ығыстырып шығаруды көздейді. Қазіргі уақытта көптеген философтар И. Канттың осы ортақ этикалық-моралдық жүйені түзу көзқарасын утопиялық концепция ретінде сынайды. Дегенмен Ресей мен Украина арасындағы саяси күресте тұтас ұлттардың ақпаратты фальсификациялау салдарынан мәдени-этикалық жалпыға ортақ құндылықтардан ауытқуын, зұлымдықты насихаттаушы бұқараға айналуын бақылаудамыз. Бұл туралы И. Кант: «Адам ұрпағын бүтіндігінде, яғни ұжымдық алынған түрінде тәрбиелеу еркіндік қағидасына негізделген азаматтық құрылымға ұмтылуды білдіретін, бір ортаға шоғырланған тәрбие агрегатын құрайды, ол тобыр секілді жүйені құрамайды, әрқайсысы жеке жеке болмайды. Алайда заңды біріккен мәжбүрлеуде, адам соған ұқсас тәрбиені күтеді, тек ол сананың даналығы емес, бірақ сонда да өз ақылының әлсіз идеясы», – деген (Кант, 1999: 104).

И. Канттың ортақ моралдық этикалық жүйені түзу арқылы қоғамдарды басқарудың, адамның феномендерді тануы, осы дүниеде руханилықтың, тәрбиенің мақсатын анықтауы туралы көзқарастары қоғамдардың дағдарысты кезеңдерінде бой көрсетіп, философтың ойының өзектілігін дәлелдеп тұрады. Бұл жағдайды біз 2020-2022 жылдары адамзатқа сынақ болған Covid-19 пандемиясы кезінде, көз алдымыздан өткіздік. Мысалы, бұл уақыт барлық елдердің

қоғамында адамдарды жіпсіз байлап тұрған адамгершіліктік, моральдық, идеологиялық құндылықтардың құлдыраған кезеңі ретінде есте қалып отыр. И. Канттың категориялық императиві сыналған уақыт. Тиісінше, Covid-19 пандемиясы қазақ қоғамындағы келеңсіз мінез-құлықтардың көрініс беруіне алып келді. Бұл мінез-құлық формалары қоғамдық санадағы жүйесіздікті танытты. Яки, мемлекеттік билік өзінің парызын, нарықтық қатынастар заңымен шатастыру арқылы фармацевтикалық дағдарысқа алып келді. Адамдар, халық әлеуметтік топ ретінде өз жанының қымбаттығын алға тартып, ортақ моралдық құндылықтар, толеранттылық, мәдениеттілік секілді ұғымдардың адам өміріне қауіп төнгенде қарапайым ғана тәртіп болып қалатынын байқатып алды. И. Канттың қоғамдағы ұрпақтың мәнін заң арқылы анықтау қажеттігі туындады. Өйткені, дәстүрлі әлеуметтік нормаларға қарағанда заң нормалары сақталған мінез-құлығы бар қоғамдарда пандемияның таралуы аз орын алды. Бұл ойламаған жерден туындағын құбылыс салдары іштей моралдық, сырттай объективті қайшылыққа ие болды. Адам болмысы өзінің туралығында, таза формасында әлсіз, кейде жауыз тіршілік иесі екендігін байқатты. Тиісінше, адам болмысында қақтығыс бар екендігі анықталды. И. Кант адам тегін кейде адамның өзі ойына алмаған жақсылықтарды да күйретеді, өйткені адамда өз өзімен ішкі қайшылығында зұлымдық салыстырмалы түрде туындайды, оның алдын алу тек адамның көрегенділігі арқылы орын алады. Көрегенділік даналықты білдіріп, адамды жойылудан сақтайды деп қарастырады. И. Кант өзінің «Таза ақылдың сыны» еңбегінде уақыт категориясы туралы «Уақыт барлық пайымдаулардың негізінде бар қажетті түсінік. Біз жалпы құбылыстармен айналысқанда, біз уақыттың өзін жоя алмаймыз. Әйтсе де құбылыстарды уақыттан бөлуге болады. Тиісінше уақыт бізге a priori берілген. Құбылыстардың барлық әрекеттілігі уақытта ғана мүмкіндікке ие. Барлық құбылыстар жоғалуы мүмкін, бірақ уақытты олардың мүмкіндігінің жалпы шарты ретінде жою мүмкін емес», – дейді (Кант, 2007: 69). И. Канттың кеңістік пен уақыт туралы тұжырымдарын түсіндіруде философ В. Асмус «Субъект өзінің өмір сүруін уақыттағы нақтылық ретінде ұғынады, бірақ кез келген уақыттағы нақтылық қабылдаудағы тұрақты әлдебірдің болуын болжайды. Ақылдың таза түсініктері сезімдік пайымдаулармен мүлдем біртекті емес және оларды біріктірудің де

мүмкіндігі жоқ. Сананың формаларының ішінде категориялар мен сезімдік пайымдаудың арасында байланыстырушы буын секілді форма бар, ол форма уақыт дейді. Өйткені уақыт өзінде сәттердің көп бейнелігін, біруақыттылықты, ізбасарлықты априорлы сақтайды және уақытты анықтау құбылыстармен біртекті», – деген тұжырымын келтіреді (Асмус, 2005: 102). Б. Рассел И. Кантта: «Кеңістік пен уақыт субъективті, ол біздің түйсінуіміздің бір бөлігі, сондықтан қандай затты қарастырсақ та, ол ғылымның уақыт туралы толғануы. Кант адам дүниені пайымдық таниды, ақыл бұл жеке адамның еншісі деп қарайды», – деген пікірін білдіреді (Рассел, 2004: 848). Сонымен И. Кантта адам өзінен тыс уақытты пайымдай алмайды. Сәйкесінше уақыт адам санасынан тыс жоқ ұғым және заттардың өз өздігінен анықтамасы бола алмайды. Адамның пайымы құбылыстар дүниесімен шектеледі, ал ақыл мейлінше биік, мақсаттарды ойлайды, зерттейді. «Адам пайымы логикалық функцияны ғана атқарады» (Ресс, 2018: 150). И. Кант құбылыстарды эмпирикалық пайымдаудың белгісіз заттар дүниесі деп қарастырып, құбылыстарға көпбейнелік тән дейді. Адам осы құбылыстардағы көпбейнелікті түйсігі арқылы жекелей қабылдап, ой түйюі мүмкін, сонымен бірге тұтас қабылдап, сезінудің таза формасында қалыптасуы мүмкін. Уақыт тұрақты сипатқа ие категория. Сонымен бірге адам уақытта ұзақтық пен бейнені сезінудің таза формасы ретінде қабылдап, өзінің ішкі құбылыстардың тікелей шартын көпбейнелікті пайымдау арқылы сыртқы таныммен жалғайды. И. Кант бойынша «ішкі құбылыстардың шарты жанама түрде сыртқы құбылыстардың шарты болып табылады. Бұл сезімдік пайымдаулардың таза формасы, жалпылы а priori жанда болатын пайымдаулардың формасын құрайды», – дейді (Кант, 2007: 72).

И. Кант адам өзінде пайымдаудың орын алуына байланысты уақытты өзге емес, субъективті шартта бар ретінде қабылдайды. Уақыттың өз өзінен болуы мен объективті нақтылығы синтетикалық ережелер арқылы «a priori» танылмайды, пайымдалмайды деген көзқараста болады. Сонымен И. Кант бойынша адам мен оның тегі уақытты ішкі сезімнің формасы, бізді өзіміздің және ішкі күйіміздің пайымдауы сипатында бар деп танитын болса, онда ол әлеуметтік ортаны өзінің ішкі менінде танып, тұйықталуы мүмкін. Бұл тұйықталу Канттың өзі айтқандай адамдардың құбылыстарды пайымдау

арқылы түйсініп, ақыл жеке адамның еншісі болып қалатын болса, онда қазіргі жаһандану жағдайындағы өзгерістерде уақыттың объективті орын алуынан кейін қалуы, заманынан кешігуі мүмкін. Дегенмен философ А.Х. Қасымжановтың сыни көзқарасында «Идеалистік ұстанымдағы мәдениет тарихшылары жеке адамның шығармашылығын толығымен тұлғаның өзін-өзін көрсетуі ретінде ғана түсіну керектігін айтады. Бұл тұлғаның әлеуметтік жағдайлардан абсолютті «дербестігі» ерекше айтылады, өйткені детерминацияны мойындау тұлғаның «социумды» елемеуіне әкелетін сияқты» сарындағы ойы келтіріледі (Қасымжанов, 2006: 33).

И. Канттың кеңістік пен уақыт туралы ғылыми концепциясындағы уақытты априорлы бар, қарапайым түзу линиялардағы бір өлшемді көпбейнелік ретінде қарастыруын Б. Рассел адамның айналадағы бір шартты білдіретін тізбектік оқиғаны екі түрлі сезімдік түйсінуді білдіреді деп сынайды. Яки адам кеңістіктегі найзағай мен оның шартылын екі жағдайда қабылдамайды, ол бірігіп бір көріністі білдіреді деген ойын ұсынады.

И. Канттың уақытты субъективті және априорлы шарт деп анықтайтын тұжырымын шәкірті А. Шопенгауэрде өз философиялық шығармаларында жалғастырған. А. Шопенгауэрдің көзқарасынша объективті элементтің шартсыз барлығы өзге ғылымдарға эмпирикалық көзқарасы бойынша тән болуы мүмкін, тек бұл түсінік философияда қабылданбайды деген көзқарасты ұстанады. Өйткені «Философия алғашқы, негізгі бастауды іздеуі қажет. Адамға сана ғана тікелей берілген, сондықтан философия мазмұны бойынша идеалистік, философияның негізі сананың деректерімен шектелген. Барлық кезде объективтілік қажетті нәрсе ретінде субъектінің санасында, оның түсінігі сипатында бар, тиісінше объекті емес, субъектіге тән көзқарастар формаларымен бар, бұған субъекті дәнекер», – деп қарастырады (Шопенгауэр, 1999: 10). А. Шопенгауэрдің дүние жаратылысы мен адамның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік жаратылысындағы ерекшелікті, оның өмір сүрудегі ерік-жігерлігінен, сүйіспеншілігінен және күштарлығынан көреді. Сонымен бірге А. Шопенгауэр адамды өзінің жеке тұлғасы, «Мен» танымы арқылы өзгелер үшін әрі объект болып қалыптасатынын негіздейді. Өйткені ғалымның көзқарасынша бір индивидті екінші индивид қиялында елестетпесе де дүние өзінің өмір сүруін тоқтатпайды және өзі мен өзге

бірі бірін, объектілерді бір деңгейдегі интеллектуалдылықта қабылдайды деп есептейді. А. Шопенгауэрдің осы индивид танушы субъект деген концепциясын адамның кеңістік пен уақытта орналасуына, ұрпақ ретінде уақытта жалғастығын сақтауына қатысты да қолданады. Индивид өзін тану арқылы өзгені танып, бір қозғалысты түзеді. Сол өзі үшін өмір сүру арқылы дүниені пайымдауда менің денелігімнің тіршілігі кеңістікте бар болуы себепті өзге үшін өмір сүруді көздейді. Бұл шексіз жалғастық кеңістікте орын алып, өз кезегінде екі субъектінің бірігіп, басқа тектің, ұрпақтың өмір сүруіне қажетті шарттарды түзеді деп санайды. Адам ақылымен кеңістікті, уақытты, себептілікті пайымдай отырып, өзінің іс әрекеттілігіне ұзақтықты, форманы, құпиялықты және қозғалысты телиді. Кеңістік біздің миымыздың функциясы деп зерттейді. Ал уақыт туралы И. Канттың идеясын жалғастырады. А. Шопенгауэр «Уақыт пен кеңістік дербес субъекті арқылы көрінетін, субъектіге тән таным формасы», – деген ұстанымын білдіріп, уақытты «Уақыт бастапқыдан ішкі сезім формасы және осы ішкі сезімнің жалғыз нысаны, ол танушының жеке ерік-жігері. Уақыттың сипаты біркелкі болып қала береді. Міне осыған сай өмірдің өз ағымы барлық кезде өз тұрақтылығын сақтайды», – деп қарастырады (Шопенгауэр, 1999: 47).

А. Шопенгауэр ұрпақты екі жағдайда қарастыруды ұсынады. Олар: «Индивид физикалық түрде бұл тегін, мұрагерін дүниеге келтіруші, ал метафизикалық түрде уақыт формасында ұрпақ ретінде болатын идеяның жетілмеген образы. Индивидті кастрациялау оны ұрпағынан, нәрінен айыру», – дейді (Шопенгауэр, 1999: 650). Сәйкесінше бұл адам болмысының екі табиғаты сүйіспеншілік сезімінің қуаты ретінде ұрпағын сақтау инстинктісі ретінде, екіншісі ұрпағын уақыттың кешегі мен бүгінгі, болашақ көрінісінде ұрпағы арқылы жалғастықты түзіп, өзінің мүдделігін сақтайды. Екінші әдісте адам болмысы өзінің табиғи қасиеттерінен тыс, өмір сүруінің шарты, еркі-жігерінің энергиясы ұлттығын, мемлекеттілігін сақтауымен дәнекерленген. Өйткені, индивидтің шынайы болмысы өз ұрпағын, тегін сақтау үшін барлық қуатын саркуы болып табылады. Адам ұрпағына деген сүйіспеншіліктің негізінде құрбандыққа баруға тырысады. Бұл туралы А. Шопенгауэр «Жан жануардың да, адамның да өз ұрпағын индивидте емес, тегін жалғастырушы ретінде көруі трансцендентті, адам ақылына бағынбайтын жағдай

секілді көрінеді» (Шопенгауэр, 1999: 655). Сонымен А. Шопенгауэр адамның тегі, ұрпақ идеясын Аристотель, И. Кант секілді екі бағытта зерттеуді ұсынады. Бұл жерде адам құрал, әдіс емес, мақсат түрінде қарастырылады. Сәйкесінше И. Кант оны мақсаттылық қаншалықты қайшылыққа толы болғанымен, ол өз жолынан ауытқымайды деп зерттесе, онда А. Шопенгауэр ұрпақты тек жалғастырушы және өз өмірінің идеясын уақытта жалғастырушы субъект ретінде алып отыр. А. Шопенгауэрдің бір ерекшелігі, ұрпақтың уақытын анықтауда мынадай шарттарды анықтайды. Біріншіден, адамзат тарихында қаншама ұрпақтар кездескенімен, олардың барлығына бір мінезқұлық және бір индивидуалдық ерік-жігер тән, бірақ әрбір ерік-жігерге танымның өзге мүмкіндігі, өзге дәрежесі, өзге интеллектісі берілген. Дегенмен интеллектінің индивидпен сөнуіне байланысты ата-баба тәжірибесі әлсірейді; Екіншіден, тектің интеллектісі анадан берілген, сондықтан көптеген халықтарда аға мен қарындас арасындағы некеге тыйым салынады; Үшіншіден, адам ұрпақ жалғастығын жоғалтып, жануарлар секілді бір ұрпақтың өмірімен шектелетін халықтардың жадында тарихи ақтаңдақтар пайда болып, болашағын анықтауда әлсіздік танытады. «Қоғамдық жады – бұл ақпараттық қатынаста жеке тұлға мен қоғамдық танымның қызмет етуінде және дамуында негіз болатын тәжірибелік және танымдық іс-әрекет нәтижесінің ерекше қоры болып табылады. Қоғамдық жады – ұрпақтан ұрпаққа берілетін білім, іс шаралар, біліктілік саласынан әлдеқайда кең түсінік. Бұл құбылыстың екі аспектісі бар, олар материалдық жүйелер, қоғамдық жадының танымдық-мағыналық мазмұны» (Масалимова, Құлсариева, 2011: 25).

Қорытынды

Қазақстандық қоғамда ұрпақ уақытына, ұлттық кодтың анықталуына қатысты әрі философиялық, әрі әдеттегі санадағы пікірлер шамадан тыс идеологиялық құралдармен көмкерілген. Негізінде ежелгі грек мәдениетіне дейін де, ежелгі грек мәдениеті кезінде де қалыптасқан жақсы дәстүр бар, ол Сократтың өлім құшып тұрып та бас тартпай кеткен идеясы ақиқатты білім арқылы тану. Білімнің пайдалылығын анықтау арқылы, топтық, кейде тобырлық санадан ажырау. Сократ заманынан бері актуалдылығын жоғалтпаған «Epimelesthou Soutou» – өз өзіңе

қамқорлық таныту арқылы, өз жан дүниенді тану, соның негізінде іс-әрекеттілік жасау. Сондықтан да біздің қоғамдар әрбір ұрпақтық өмірде адасуға тап болып, иррационалды әрекеттер жасайды. Бұл иррационалдылық біздің европалық үлгіде білім алған азаматтарымыздың да санасына орнығып алған. Сондықтан қазақстандық қоғамда метафизикалық басым, яғни адам өзінің өмірлік мақсатын европалық стильде түзеді, бірақ іс-әрекеттілікте, шынайылықты бағалауда ескі құндылықтарға жүгінеді. Философтардың зерттеуіне қарағанда қазақстандық қоғам кеңістікте ойлану арқылы өз уақытын өткізіп алуда. Бұл орнығу жеке мүддеге қатысты, ал оның ортақ, қоғамдық әлде ұлттық мүддеге қатысты ойында құндылықтық қайшылық бар. Бұл тіпті өз өзінді танудан бастап әділетті, ізгілікті қоғам түзуге дейінгі үрдісте бар болмыстық қайшылық ретінде көрініс беріп отыр. Сондықтан қазіргі философиялық ой, ол болмысты шынайылықта, қоғамдық шартта өзгерту. Дегенмен ол өзгеріс идея формасындағы іс-әрекеттілік, мақсаттар айқын болып, оның құралдармен үйлесім табуы арқылы прогресске бастайды. Бұл Р. Мертон ұсынған ғылыми ортаға танымал тұжырым. Біз ұлт, қоғам, жеке адам деңгейінде бір-бірімізге деген сенімсіздікті жоюымыз шарт. Қоғамдық болмыстағы қақтығыстар барлық уақыттарда болған, ол бола беретін үрдіс. Бұл қақтығысты реттеудің тәсілін Аристотель сапалық уақытқа қол жеткізу, И. Кант заң үстемдігі арқылы орнықтыруды ұсынды. Ертеңгі ұрпақтың қамын ойлауымыз, олардың үлесін экономикада, шикізатта, технологияда қалдыруымыз және өір сүрудің еркіндік идеясы негізіндегі ізгілікті шарттарды жасауымыз қажет. Б. Сатершинов: «Бүгінгі ұрпақтың ертеңгі дамуы өткеннің тарихи тағылымына тәуелді, рухани сабақтастық сақталмаса, адам аяғында нық тұра алмай тайғанақтайды, ақырында жаттануға ұрынады», – деген ойы бар (Сатершинов, 2011: 25). Адамдар саяси, ұлттық, философиялық идеологиялар арқылы өз еркіндігін жүзеге асырады,

шынайылықты бағалайды. Ұрпақтың уақытын қоғамдық өмірдегі белсенділік құрайды. Философияда адам тегі мен ұрпағы екі бағытта қарастырылған. Бірінші, ол адам өзін өзі танып, саналы тіршілігін жалғастырған уақыттан бері, оның өмірінің ұрпағымен, оның биологиялық дамуымен байланысты зерттелуі. Екінші, адамның ұрпақ категориясы негізінде белгілі бір тарихи сананы, тәрбиені, мәдени құндылықтарды бір дәуірдің санасын екінші дәуірге тасымалдаушы субъектісі ретінде қарастырылды. Бұл жерде ғалымдардың баса көрсеткені, олар И. Кант бойынша адамның ұрпағы бұл белгілі бір мақсаты бар қарым-қатынасты түзуші әлеуметтік топ. Мақсаттылық, бүкіл әлемдік азаматтық жағдайға қол жеткізу арқылы құқықтық тәртіпті қалыптастыру. Өйткені барлық заманда адамның азаматтық болмысы саяси іс-әрекеттіліктегі қызметіне қанағаттанумен байланысты болады. Ұлттық болмыстың жүгі ұрпақтарға беріледі. Адам ұрпағымен мәңгі деген бағытты ұстанады. Ұрпақ тарихи сананы бүтіндік формасында тасымалдаушы, бірақ әлеуметтік адамның жекелігін жоймауы тиіс деген көзқарасты ұстанады. Өйткені адам бұл аяқталмаған мүмкіндік иесі. Ал, А. Шопенгауэр ұрпақты тегін жалғастырушы және өз өмірінің идеясын уақытта жалғастырушы түр ретінде қарастырып, адамды әрі танушы индивидуум, әрі адам феноменін өзгертуші, интеллектіні уақытта беруші форма ретінде зерттейді. Ұрпақтар арасындағы дискурстар қоғамдық, мемлекеттік және жекелік іс-әрекеттілікті ұйымдастыруға, ондағы уақыттық ерекшеліктерді анықтауда уақыт озған сайын актуалдылыққа ие болуда. Өйткені өзіміз білетіндей біздің қоғам, бір жағынан соңғы отыз жылда үлкен құрылымдық өзгерістерге тап болды, екінші жағынан, жаһандану үрдістерінің жылдам құбылуына қарай көптеген жаңалықтардан тыс қалды. ХХІ ғасырдағы технологиялық-инженерлік, ақпараттық жаңалықтардан гуманитарлық ойлау кеш қалуда.

Әдебиеттер

- Нугин Р. 2010. Social time as the basis of generational consciousness. – TRAMES. – 2010. – № 14 (64/59), 4. – P. 356.
 Платон. Диалоги. Философское наследие. Том 98. – М.: Издательство «Мысль», 1986. – С. 213, 208.
 Аристотель. Сочинения в четырех томах. Том 1. – М.: Мысль, 1975. – С. 176.
 Масалимова Ә., Құлсариева А. Мәдени антропология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 14, 25 б.
 Шопенгауэр А. Мир как воля и представление. Том 2. – М.: Попурри, 1999. – С. 10, 47, 459, 650, 655.
 Рассел Б. История западной философии и ее связи с политическими и социальными условиями от Античности до наших дней. – М.: Академический проект, 2004. – С. 691.
 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Издательство Республика, 1994. – С. 288.

- Ортега и Гассет Х. Избранные труды. – М.: Издательство Весь мир, 1997. – С. 55.
- Қасымжанов А.Х. Қазақ халқының философиялық мұрасы. // Оймен ұғынылған дәуір. – Алматы: Аударма, 2006. – 71, 33 б.
- Есім Ғарифолла. Дүниетаным баяны. – Алматы: Дәуір, 2020. – 34 б.
- Хамидов А. Мировоззрения и философия // Адам әлемі: философиялық-гуманитарлық журнал. – 2019. – № 4 (82). – С. 4, 5.
- Энтони К. Батыс философиясының тарихы. Антика философиясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018. – 243 б.
- Реми Хесс. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018. – 48, 150 б.
- Асмус В. Иммануил Кант. – М.: Высшая школа, 2005. – С. 100, 103.
- Абдильдин Ж.М. Абдильдина Р.Ж. Логика теории современной демократии и проблемы ее реализации. – Астана: Фолиант, 2014. – С.76.
- Кант И. Антропология с прагматической точки зрения. – СПб.: Наука, 1999. – С. 103,104.
- Кант И. Критика чистого разума. – М.: Эксмо, 2007. – С. 69.
- Сатершинов Б. Тарихи сана тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ФжСИ ҚБО, 2011. – 25 б.

References

- Nugin R. Social time as the basis of generational consciousness. -TRAMES. -2010. -№ 14 (64/59), 4. - P. 356.
- Platon. Dialogi. Filosofskoe nasledie. Tom 98. [Dialogues. Philosophical heritage. Volume 98]. -Moskva: Izdatelstvo Mysl, 1986. - S. 213, 208.
- Aristotel. Sochineniya v 4 tomah. Tom 1. [Essays in four volumes. Vol I] -Moskva:Mysl, 1975. -S.176.
- Masalimova A., Kulsariev A. Madeni antropologiya: oku kuraly. [Cultural anthropologic: text book]. -Almaty: Kazah universiteti, 2011. -104 25 b.
- Shopenhauer A. Mir kak volya i predstavlenie. Tom 2. [The world as will and representation.Vol II]. -Moskva: Popurri, 1999. - S. 459, 10, 47.
- Rassel B. Istoriya zapadnoi filosofii i ee svyazi s politicheskimi i socialnymi uslovyami ot Antichnosti do nashih dnei. [History of Western philosophy and its relationship to political and social conditions from Antiquity to the present day]. -Moskva: Akademicheskii proekt, 2004. – S.691.
- Yaspers K. Smysl i naznachenie istoriy. [Meaning and purpose of the story]. -Moskva: izdatelstvo Respublika, 1994.- S. 288.
- Ortega i Gasset H. Izbrannye trudy. [Selected works]. -Moskva: izdatelstvo ves mir, 1997. -S. 55.
- Kasymzhanov A. Kazah halhynyn filosofiyalyk murasy. // Oimen ugungan dauir. [Philosophical heritage of the Kazakh people. [Time realized by the epoch]. - Almaty: Audarma, 2006. – 71, 33 b.
- Yesim G. Dunietanym bayany. -Almaty: Dauir, 2020. – 34 b.
- Hamidov A. (2019). Mirovozreniya i filosofiya. [Worldviews and philosophy]. -Adam alemi: filoosfiyalyq gumanitarylyq jurnal. -2019. -№ 4 (82). -4, 5 b.
- Entoni Kenni. Batys filosofiyasynyn tarihy. Antika filosofiyasy. [History of Western philosophy.Antical philosophy]. -Almaty: Ulttuk audarma bjurosy kogamdyk kory, 2018. - 243 b.
- Remi Hess. Filosofiyasynyn tandauly 25 kitaby. [The best 25 books of philosophy]. -Almaty: Ulttuq audarma byurosy kogamdyk kory, 2018. – 46, 150 b.
- Asmus V. Immanuel Kant. [Immanuel Kant].- Moskva: Bisshya shkola, 2005. -S.100, 103.
- Abdildin ZH.M., Abdildina R.ZH. (2014). Logika teorii sovremennoi demokratii i problemi ee realizacii. [The logic of the theory of modern democracy and problems of its implementation]. -Astana: «Foliant», 2014. -S. 76.
- Kant I. Antropologiya s pragmaticheskoi tochki zreniya. [Anthropology from a pragmatic point of view]. -Sankt Peterburg: Nauka, 1999. - S. 103, 104.
- Kant I. Kritika chistigo razuma. [Critic of pure reason]. -Moskva: Eksmo, 2007. -S. 69, 72.
- Satershinov B. Tarihi sana tauelsizdiktin ruhani tugury. [Historical consciousness is the spiritual foundation of independence]. -Almaty: KR BGM FSI, 2011. -25 b.